

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3 деңгейдегі СМЖ құжаты	2016 жылғы «08» шілде №2 басылым	E 029-04.14.2.70.04-2016

**Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы
үздік ғылыми зерттеулері үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы
сыйақыны беру үшін конкурс өткізу туралы**

ЕРЕЖЕ

E 029-04.14-2.70.04-2016

Алматы 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІР-ЛЕНДІ**

Ғылым
департаментінің директоры
« 27 » 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор
« 4 » 04 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп
департаментінің директоры
« 1 » 04 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму
департаментінің директоры
« 30 » 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын
бағалау басқармасының бастығы
« 29 » 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
« 28 » 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

3 Ректордың 2016 жылғы « 08 » 04 № 254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 Жұмыстарды ұсыну, ресімдеу және таныстыру тәртібі	6
4 Конкурстық комиссияның жұмыс тәртібі	7
А қосымшасы	8
Өзгерістер енгізу парағы	9

1 Жалпы ереже

1.1 Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеулері үшін Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйақыны беру үшін конкурс өткізу жөніндегі Ереже (бұдан әрі - Ереже) Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің (бұдан әрі-Университет) қызметкерлері мен оқытушылары үшін жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйақыны беру мақсатында жұмыстарды ұсыну және конкурс өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Қ.И. Сәтбаев атындағы сыйақы (бұдан әрі - Сыйақы) конкурсты негізде жыл сайын Университеттің оқытушыларына және қызметкерлеріне беріледі:

- жаратылыстану және техникалық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін: өнертабыстар, жасалған және ресми мақұлданған жаңа технологиялар, маңызды теориялық және тәжірибелік маңызы бар жеке ғылыми зерттеулер, бір тақырып бойынша ғылыми зерттеулердің сериялары;

- гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін: зерттеудің жаңалығы мен өзектілігімен ерекшеленетін, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға әсерін тигізетін маңызды теориялық және тәжірибелік маңызы бар жұмыстар.

1.3 Сыйақыны ізденуге ғылыми қоғамдастықпен мойындалған, ғылыми семинарларда, ғылыми-техникалық кеңестерде және конференцияларда талқылаудан өткен, **соңғы бес жылдың ішінде** жарияланған («Ғылыми-техникалық ақпараттың Ұлттық орталығы» АҚ-да тіркелген) жұмыстар, мембюджеттік, шаруашылық және зерттеулік ғылыми жұмыстар ұсынылады.

1.4 Республикалық бюджеттің және басқа да ұйымның қаржысынан төленген басқа да сыйақыға ие болған жұмыстар, сонымен қатар шетелдік сыйақыларға ие болған жұмыстар конкурсқа жіберілмейді.

Сыйақыны ізденуге жұмыстар екі рет қана беріле алады. Лауреаттың жаңа жетістіктері бар болған жағдайда, оған сыйақы алдыңғы сыйақыдан кейін тек бес жыл өткен соң беріле алады.

1.5 Лауреаттарға **диплом, төске тағатын белгі мен 50 МРП** көлеміндегі **ақшалай сыйақы** беріледі. Ұжымдық жұмыстың авторларына ақшалай сыйақы тең бөліп беріледі. Сыйақыны тарту академик Қ.И.Сәтбаевтың туылған күні қарсаңында салтанатты түрде өткізіледі.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Осы Ережеде келесі құқықтық және нормативтік құжаттардың талаптары сақталған:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы «Техникалық реттеу туралы» заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Интеллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы №1118 «2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ стандарттары;

– ISO 9000:2006 халықаралық стандарттары;

– ҚР СТ 1157-2002 " Жоғары кәсіптік білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі ";

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі.

3 Жұмыстарды ұсыну, рәсімдеу және таныстыру тәртібі

3.1 Сыйақыны іздену үшін конкурсқа соңғы 5 жыл ішінде іске асырылған немесе жарияланған және ғылыми не білім беру қызметінде 3 жыл тәжірибелік қолданыстағы қызметтің нәтижелері беріледі.

3.2 Сыйақы Лауреаты бес жыл уақыт өткеннен кейін ғана қайтадан сыйақыға іздену үшін жұмысын бере алады.

3.3 Сыйақыны ізденуге жұмысын бес адамнан аспайтын авторлар ұжымы беруі мүмкін. Әр автор мен шығармашылық ұжым тек бір жұмысты ғана ұсынуы мүмкін. Авторлық ұжымға жіберілмейді:

- әкімшілік және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізгенде;
- осы жұмыс үшін мемлекеттік мағынада сыйақы алған адам.

3.4 Сыйақыны іздену үшін жұмыстарды ұсыну құқығы тиісті кафедралардың ұсынысы бойынша құпия дауыс беру негізінде институттардың ғылыми кеңестеріне беріледі. **Әр институт тек бір жұмысты ғана ұсына алады.**

3.5 Конкурсқа басып шығарылған күйде келесі құжаттар ұсынылады:

- **сипаттамаға титул беті қосылады** (А қосымшасы), титул беті институттың атауынан, жұмыстың атауынан, автордың аты-жөнінен, әкесінің атынан, лауазымынан, ғылыми дәрежесі мен атағынан, ұсынылған жұмыстың конкурсқа қатысуы туралы мәліметтерден, (жұмыстың титулды беті барлық ізденушілермен қол қойылады) жеке қолы мен қол қойылған күннен тұрады;

- **жұмыстың сипаттамасына** (көлемі 20 беттен аспайды, шрифт Times New Roman (14 pt); қатар аралығы – бір, беттің нөмірленуі төменгі тұста ортада) жұмыстың мазмұны, зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығы, негізгі ғылыми нәтижелер, олардың маңыздылығы мен әлемдік ғылым дәрежесіне сәйкестігі, перспективтілігі кіреді.

-соңында осы жұмысқа өтініш берушінің шығармашылық үлесін ғылыми хатшысымен растайтын білім және ғылым саласындағы **жарияланған** жұмыстардың негізгі тізімі көрсетіледі.

Сипаттауға қоса берілуі тиіс:

- соңғы бес жылдағы жұмыстар (кітаптар, оқулықтар, оқу құралдары, т.б.), жарияланған немесе мемлекеттік тіркеуден өткен ғылыми-зерттеу туралы есеп (есеп беру үшін), брошюра түрінде мақалалар, патенттер мен басқа құжаттардың көшірмелері

- жұмыстың тәжірибелік маңызы мен өзектілігін айқындайтын, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды және директормен қол қойылып, институттың мөртаңбасымен бекітілген институттың ғылыми кеңесі отырысы хаттамасының көшірмесі;

Жұмыс электрондық түрде де беріледі.

3.6 Аталған құжаттардың әр жиынтығы «20__ жылға Қ.И. Сәтбаев атындағы университеттік сыйақыны иелену» деп аталған папкаға ғылыми жұмыспен бірге салынуы керек. Папканың мұқаба бетінде институттың атауы, жұмыстың атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні көрсетілуі керек.

3.7 Барлық құжаттарда жұмыстың атауы бірдей болуы керек.

3.8 Конкурсаға ұсынылған материалдарға қысқартулар енгізуге болмайды.

3.9 Аталған құжаттардың жиынтығы жыл сайын 1-28 ақпан аралығында Ғылым Департаментінде, 616 бөлме, МҒ, тел.:257-71-14 қабылданады.

3.11 Конкурсаға ұсынылған материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде рәсімделеді.

3.12 Конкурсаға ұсынылған еңбектер мен материалдар авторлардың жазбаша өтініші бойынша қайтарылуы мүмкін.

3.13 Конкурсты өткізу шарттары мен күні университеттің «РАС» газетінде және университеттің www.ntu.kz ресми сайтында жарияланады.

4 Конкурстық комиссияның жұмыс істеу тәртібі

4.1 Ұсынылған жұмыстардың арасындағы үздік ғылыми жұмыс конкурстық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) құпия дауыс беруі арқылы анықталады.

4.2 Комиссияның құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі. Оның құрамына: комиссияның төрағасы – университет басшысы, комиссияның төрағасының орынбасары – ғылым жөніндегі проректор, комиссия хатшысы – ғылым Департаментінің директоры, комиссия мүшелері – институттың ұсынысы бойынша жасалады.

4.3 Комиссияның мүшесі тек бір жұмысқа дауыс бере алады.

4.4 **Комиссия құрамының 2/3 бөлігі қатысқанда, комиссияның шешімдері құқықты болады.** Отырысқа қатысқандардың 2/3 дауысын жинаған жұмыстар конкурстық сұрыптаудан өтеді. Егер бірде-бір жұмыс мұндай дауыстар санын жинай алмаса, онда ең көп дауыс жинаған екі жұмыс екінші турға өтеді. Екінші турдың нәтижесі бойынша 50% дауыс жинаған жұмыс үздік деп есептеледі. Егер екінші турда екі жұмыс та 50% дауыстан жинаған болса, онда екі турдың нәтижесі бойынша ең көп дауыс жинаған жұмыс жеңді деп есептеледі.

Егер де екінші турда бірде-бір жұмыс 50% дауыс жинай алмаған болса, конкурсты өткізілмеген болып саналады.

4.5 Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

А қосымшасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Институттың толық атауы

Қ.И. Сәтбаев атындағы университеттік сыйақыны иелену үшін

Жұмыстың атауы:

Автор (авторлар): (аты-жөні, әкесінің аты)

Лауазымы:

Ғылыми дәрежесі, атағы:

Осы жұмыс Қ.И. Сәтбаев атындағы университеттік сыйақыны иелену үшін бұрын берілді ме? Егер берілген болса, конкурстың мерзімін көрсетіңіз.

Осы жұмысқа бұрын сыйақы берілді ме? Егер берілген болса, сыйақының аты мен берілу жылын көрсетіңіз.

Жеке қолы, күні:

Алматы 2015

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы